

## Шешендік өнер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.04.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/136753/>

Шешендік сөздер қашанда халықтың қажетті мұрасы болып табылған. Сонымен бірге олар тәрбие құралы. Қазақ халқы қандай ауыр жағдайда өмір сүрмесін, өзін бі- шешендерінің сөзін жадында сақтап, жаттап айта жүруді, одан үлгі- өнеге алуды тоқтатқан емес. Шешендер, билер әрқашан шындықты айтып, аз сөзге аз мағына сыйғызып, халықтың рухани қажетін өтеп отырған. Шешендіктің негізгі мақсаты – адамдарды иландыру, айтқысы келген нәрсені нақ айтып сендіру. Шешендердің сөз тапқыш, сезімтал, суырып салма ақын сияқты әр түрлі қасиеттері болған. Олар жалпы өмір туралы, ел қорғау туралы хабардар етіп отырды. Олар: Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би, Саққұлақ шешен т.б. Сабақты осыған дейінгі өткен шешендер өмірі, олардың шешендік сөздері, төрелігі туралы алған білімдерімізді қорытындылау мақсатында болды.

Шешендік сөздердің мән — мағынасын дұрыс түсініп, ой елегінен өтізген әрбір жас тіл мәдениетіне жеңіл — желпі қарамайды. Дұрыс сөйлеп, ойын дұрыс жеткізе алады. Жүйелі сөз саптау, таза мазмұнда сөйлей білу қашанда керек құбылыс.

Қоғам қашанда дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі мен дүниетанымын дамыту керек. Қазақ халқы қай заманда да сөйлеу өнерін жоғары бағалаған. Бұл жол арымай — талмай шешендік сырын зерттеуді, көл — көсір жаттығуды, мол білімді, ой — өрісі мен мен қиял кеңістігін қажет ететіндігін анық білген.

Сөз өнері өнердің ең алды ретінде саналған. «Өнер алды — қызыл тіл», — дейді қазақ мақалы. Абай: «Тіл өнері — дертпен тең», — деген. Қысқасы, халқымыз шын мәніндегі шешендікті асыл өнерге баулып, осы жолда қайталанбас мұра қалдырған.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі — шешендік өнер. Шешендік өнер

— ақындық айтыс секілді қазақ әдебиетінің ерекшелігін көрсететін негізгі жанрлардың бірі.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. ең алдымен қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, бізге халық жадында сақталып жеткен.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша шығып, ауызша таралған.

Қонақта, немесе бір мәселені талқылау үстінде көп жасаған, кәрі құлақты қариялардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талапты жастар, өнер құған қыз — бозбалар жаттап алып, жүрген — тұрған жерлерінде, ойын — жиындарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай жаңартып — жаңғыртып отырған.

Шешендік сөздер — біздің асыл мұрамыз, қазынамыз, байлығымыз. Шешендік сөздер аяқталған тұжырымды ой арқылы алуан адамгершілік қасиеттерге, ұлттық тәрбиеге баулиды. Шешендік сөздер ертегі — аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болған.

Қазақ шешендік сөздері мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш тарауға бөлінеді.

Шешендік сөздер — халық даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді. Өмірге, дүниеге көзқарасын, ой — өрісін белгілейді. Халық өзінің қиялдаған арманына қалайда жетемін деген сенімнен айрылмаған.

*Өмірдің сан алуан құбылыстарын бір — бірімен теңеп, салыстырып, болашағын болжап, қиялдап сөйлеген сөздер табысқа, жеңіске жетуге құлшындырып, рухтандырып отырған, қуаныш үстінде дем берушілік,*

*реніш тұсында жұбатушылық қызметін атқарған. Белгілі халық шешендері мен есімдері белгісіз дана қарт, шешен әйел, тапқыр бала, жарлы жігіттер атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет — шешендік тапқырлығымен қатар әділдігі, ойының айқындығы және халықтың сипаты.*

**Кенжебек Нұрдана**

**Алматы облысы Қаскелен қаласы**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.